

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында атқарылған жұмыстардың
мәтіндік есебі**

Атбұлақ елді-мекені-2024 жыл

Педагогикалық ұжым 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмысына мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізіп отырды.

Ай бойында оқушылардың сабаққа қатысуы жіті қадағаланды.

05.09.2024ж күнге дейін оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеп, оқушылар қозғалысына бұйрық жазу жұмысы жүргізіліп, оқушылардың іс қағаздары ретке келтірілді.

Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағы, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайлары үнемі бақылауда болды.

Мұғалімдердің мамандығы, шеберлігіне қарай педагогикалық жүктеме бөлінді, сыныптарға жетекшілік тағайындалды, оқу кабинеттеріне мұғалімдер бекітілді, мұғалімдердің біліктілік санаттары белгіленді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын үнемі қадағалап жауапкершіліктерін арттыру жұмысын қолға алды.

Сондай ақ мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық, техника қауіпсіздік ережелерін орындауы, оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі қадағаланды.

Негізгі, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың, тәрбие шараларының өту кестелері жасалды.

Оқу бағдарламалары, курстардың жоспарлары, олимпиадаға дайындық бағдарламалары талқыланып бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие сабақтарын өту кестесі, мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесі жасалды.

Мектептің жарғысымен, жалпы ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды және ата-аналарды таныстыру жұмысы жүргізілді. Жолда жүру ережелерімен, техника қауіпсіздік шараларымен таныстыру, танысқандығы жайлы өздерінің арнайы журналына тіркеу жұмысы жасалды.

Күнделікті және тәрбие жоспарлары жасалып, бекітілді, І-ші жарты жылдықтағы өткізілетін ашық сабақтар мен тәрбие сабақтарының кестесі жасалды.

Филология пәндерінің онкүндігі өткізіліп, іс-шара жоспарына сай ашық үлгілік сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі жасалып, бекітілді.

Жатақханада қыркүйек айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Мектептің оқу - тәрбие жоспарында көзделгендей 2024-2025 оқу жылының 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында алғашқы қоңырау соғылды және ашық тәрбие сағаттары өткізілді.



Мектебімізде қыздар тәрбиесіне байланысты «Инабат» қыздар клубының алғашқы жиналысы өткізілді. Жиналыста қыздар ұйымының жетекшісі, көмекшілері сайланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-интернаттағы қыздардың тәртібі, ішкі тәртіп, қыздарға тән қасиеттер сөз болды.



Мектепшілік өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлауға байланысты оқушылардан дауыс жиналды. Нәтижесінде өзін-өзі басқару ұйымының президенті болып Нұртасын Дулат тағайындалды.

Түркістан облысы білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогтар, сынып тәрбиешілері мен кіші қызметкерлердің қатысуымен елімізде АЭС салу мәселесіне байланысты жиналыс өтті. Мектеп-интернат директоры Ж.Ахмедов АЭС қуаттылығын және тиімді тұстарын талқылады. Ұжым мүшелерімен сұрақ-жауап жүргізілді.



Мектеп әкімшілігі тарапынан жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерін анықтау, өткен оқу жылын талқылау, 2024-2025 оқу жылының жоспарларын бекіту сынды жұмыстар жүргізілді. Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау, консультация кестесін құру, дайындық жұмыстарына бақылау сынды жұмыстар жүргізілді. Мамандық таңдау бойынша оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.

Мектеп оқушыларының құжаттары толығымен тексеріліп, әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар тізімі нақтыланып, анықтамалары толтырылды. Жалпы сыныптар бойынша сараптама жасалынып, мектептегі оқушы саны - 336, оның ішіндегі 190 - ұл бала, 146 - қыз бала, толық отбасы саны - 310, толық емес отбасы саны 22 - оқушы екендігі анықталды. Жартылай жетім бала саны 11, анасы жоқ бала саны - 3 , әкесі жоқ бала саны – 8, көп балалы отбасынан шыққан оқушы саны -272, мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балалар саны- 2 екендігі нақтыланды. Мектеп-интернат асханасынан тегін тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың құжаттары жинақталып, комиссия мүшелерінің тексерулерімен 20%-дық тамақ құнынан босатылған балалардың саны 31 оқушы болды. Осы оқушыларға әлеуметтік сараптама жасалынып, сынып жетекшілер мен сынып тәрбиешілермен бірге жұмыс жасап, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы жөнінде зерттеу мәліметтері жинақталды. Ата-аналармен хабарласа отырып, ата –аналарының білімі жайында мәлімет алынды. Жоғары, жоғары білімнен кейінгі оқу орнында білім алған 452 ата-ана, техникалық және кәсіптік білім алған 9 ата-ана, орта білім алған - 188 ата-ана болып мәліметке енгізілді. Жоғарыда берілген мәлімет бойынша мектептің әлеуметтік паспорты түзілді.

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	336	100%
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар	310	92,2 %
2.	Толық емес отбасылар	22	6,5 %
3.	Анасы жоқ балалар	3	0,8 %
4.	Әкесі жоқ балалар	8	2,3 %
5.	Көпбалалы отбасы	272	80,9 %
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	31	9,2 %
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	2	0,9%
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-

10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	452	74%
2.	Техникалық және кәсіптік	9	0,4%
3.	Орта	188	57%

Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді.

Оқушылардың ішкі тәртіп ережесін бұзбауын қадағалау бойынша тексерулер жүргізілді. Сыныптар бойынша толығымен тексеру жүргізіліп, оқушыларға мектептің ішкі ережесі толығымен таныстырылды.

№377 бұйрыққа сай психологиялық қызмет құрамы бекітіліп, жылдық жоспары түзілді. Жоспарда 5 бағыт қамтылған. Қыркүйек айы бейімделу айлығы болғандықтан, сырттай және іштей мектеп оқушыларына бақылау жасалды. Сабақтарына еніп, оқушының психологиялық ахуалына үлкен мән беріп қаралды.

7-сыныптың оқушыларының өзін-өзі бағалауы, бейімделуі, мінез-құлқын диагностикалау мақсатында өзін-өзі бағалау әдісі, психогеометриялық тест, темперамент тесті алынды. Нәтижесі өңделіп, сынып жетекшілерімен біргелікте қажетіне қарай жеке жұмыс жасалды.

Психогеометриялық тест алынып, нәтижесі төмендегіше өңделді. Зерттеу жұмысына 72 оқушы қатысты. Кесте:

Сынып литерасы					
7а	29,2%	16,7 %	16,7%	16,7%	16,7%
7б	45,8%	25%	33,3%	8,8%	8,3%
7в	13,6%	31,8%	18,2%	13,6%	18,2%
	29,5%	24,5%	22,7%	13,03%	14,4%


Диаграмма:



Дэмбо Рубенштейн әдісін орындауда оқушы өзін қаншалықты танитыны туралы пайықтық көрсеткішпен белгілейді. Кейбір жекеленген оқушымен жеке жұмыс жасалу қажет. Жалпы 7- сынып оқушылары өздерін орта мен жоғары деңгейді көрсеткен. Кесте:

Сынып литерасы	жолы болғыш	сұлулық	денсаулық	IQ	махаббат	бақыт
7а	55,2%	68,7%	83,6%	78,9%	76,7%	72,8%
7б	59,2%	76,4%	117,2%	109,5	110,7%	78,1%
7в	55,4%	70,4%	88,4%	69,8%	82,4%	71,9%
жалпы	56,6%	71,8%	96,4%	86,1%	89,9%	74,3%


Диаграмма:



Оқушылардың мінез-құлқын анықтау мақсатында құрастырылған темперамент тесті алынды. Берілген тапсырмадан оқушылар өзіне жақын сипаттаманы белгілейді. Интерпритация жасалып, оқушылармен топпен және жеке жұмыс жасалды. Кесте:

Сынып литерасы	сангвиник	холерик	флегматик	меланхолик	амброверт
7а	54,2%	8,3%	29,2%	20,8%	25%
7б	29,2%	4,2%	45,8%	25%	25%
7в	40,9%	9,1%	50%	13,6%	22,7%
жалпы	41,4%	7,2%	41,7%	19,8%	24,2%

Диаграмма:



Қорытынды: Оқушыларға адам бойындағы кездесетін темперамент түрлерін таныстырып, сыныптар бойынша топтық түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

«Досболlike» жобасы бойынша 7-сынып оқушыларымен «Дос болайық бәріміз» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушылар сабақ барысында бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, дамыту жаттығуларын орындады. Орындалған жаттығулар:

- Әр елдің сәлемі /оқушылар өздеріне жақын тартқан елдің сәлемін беріп, салтына тоқталып өтеді/;
- «Пиу-пиу» ойыны;
- «Бағымызға қарай, өкінішке орай»;
- «Кім жылдам» ойыны;
- «Импульс». Оқушылардың жаттығуларды орындау барысында сынып атмосферасына, өзара қарым-қатынастарына үлкен мән берілді.



Алдын-алу бағыты бойынша 7-сыныптың оқушыларымен «Өмір қауіпсіздігі өз қолымда» тақырыбында түсінік жұмысы жүргізілді. Онда қазіргі таңдағы әлеуметтік желідегі түрлі ойындар туралы ой алмасу өтті. Елімізде орын алып жатқан келеңсіз жағдайларды айта отырып, оқушыларға әрдайым сақ жүру керектігі және әлім-жеттік жасалған жағдайда хабар беру керектігі айтылды. Буллингтің, кибербуллингтің салдарынан түрлі жәйсіз жағдайлар орын алғаны айтылды. Сабақ соңында өзара сұрақ-жауап әдісі жасалып, керібайланыс жасалды.



Мектеп ұжымының орта буын мамандарына қажетіне қарай жеке кеңестер берілді. Сынып тәрбиешілері мен сынып жетекшілерімен біргелікте диагностикалық жұмыстар талқыланды /қажеттісі ғана/. Ортаңғы және жоғарғы сынып тәрбиешілерінің сұраныстары бойынша жеке жұмыс жасалды. Жалпы 4 сұраныс түсті. Кеңес жұмысы Ұ – 4, О – 10, АА – 2, Т - 4 жүргізілді.

2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай мектептегі білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жан-жақты тексерілді. Бақылау мақсаты: Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамсыз ету. Бақылау объектісі: Құжаттама. Білім алушылардың Жеке іс қағаздарында:

- 1) Туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) 2 дана 3x4 көлеміндегі фотосурет;
- 3) мектептің медициналық кабинетінде сақталатын медициналық карта
- 4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркелген.

Тексеру қорытындысында білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілу жағдайын жақсы деп тану жайлы қорытынды жасалды.

Ағымдағы оқу жылының оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, 2024 жылғы қыркүйек айының 1-2 апталарында мектептегі оқу-тәрбие процесі оның ішінде пән бойынша, параллель, сыртқы немесе қорытынды бағалауға дайындық бағыттары жан-жақты тексерілді. Тексеру қорытындысында оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсы деп тану жайлы қорытынды жасалды.

Ағымдағы оқу жылының оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, 2024 жылғы қыркүйек айының 3 аптасында мектептегі оқушылардың оқу нәтижелері мен оқу әрекеттеріне кешенді мониторинг жасалды.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айына жоспарланған барлық іс-шаралар талапқа сай орындалып, айғақ құжаттары жауапты мамандарда жинақталды.

Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов